

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ**

**Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ  
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ**

## **Отан тарихы**

# **ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЙТА ОРАЛУЫ 17 том**

Алматы, 2016

## МАЗМҰНЫ

**КІРІСПЕ** *Әбжанов Х.М.* .....4

### **БІРІНШІ БӨЛІМ. МӘСЕЛЕНІҢ ТАРИХНАМАСЫ МЕН ДЕРЕКТІК НЕГІЗІ. ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ**.....7

**Бірінші тарау. Мәселенің тарихнамасы мен деректік негізі** .....7

1 *Балтабаева Г.Н.* Отандық тарихнамада қазақ диаспорасы мен оралмандардың қайта оралуы үдерістерінің қарастырылуы .....29

### **ЕКІНШІ БӨЛІМ. ШЕТЕЛДЕГІ ЭТНИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ҚАУЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

**1-тарау. Шетелдегі этникалық қазақтардың тарихы (XVIII-XX ғғ.)**.....29

1. *Мұхаметханұлы Н., Қинаятұлы З.* Шетелдегі қазақ қауымының қалыптасуы (XVIII ғ. - XX ғ. басы) .....29

2. *Рүстемов С.* 1916 жылғы босқыншылық ..... 47

3. *Мұхаметханұлы Н.* Қазақтардың әлем елдеріне таралуы ..... 57

**2-тарау. Кеңестік дәуірде ата мекенге оралу** .....63

1. *Құдайбергенова А.И.* Кеңестік дәуірде ата мекенге оралу .....63

2. *Жангуттин Б.О.* XX ғ. 40-50 жылдардағы Шыңжаңнан репатриация ..... 70

3. *Қинаятұлы З.* Еңбек шартымен Монғолиядан келгендер (XX ғасырдың 90-жылдары)..... 89

**3-тарау. Шетел қазақтарының мәдениеті** ..... 93

1. *Бекназаров Р.А.* Қазақ диаспорасының мәдениеті ..... 93

2. *Төлеубаева К.М.* Қазақтар мен Орталық Азия халықтарының мәдениеті, салт-дәстүрі, ұқсастықтары..... 98

3. *Ларина Е.И., Наумова О.Б.* Ресей қазақтары.....110

4. *Әжіғали С.Е., Байғабатова Н.К.* Монғолиядағы қазақтар.....125

5. *Әжіғали С.Е., Бекназаров Р.А.* Қытай қазақтарының мәдениеті мен салт-дәстүрі .....131

6. *Бекенжанова А.* Иран қазақтарының мәдениеті .....137

### **ҮШІНШІ БӨЛІМ. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ЭТНИКАЛЫҚ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОТАНҒА ОРАЛУЫ**.....148

**1-тарау. Көші-қон саясаты мен оның құқықтық-нормативтік негіздері**

*Отарбаева А.* Көші-қон саясатының мәні мен басымдықтары.....148

*Қинаятұлы З.* Зандар, ережелер, нұсқаулықтар.....164

**2-тарау. Тәуелсіз Қазақстандағы көші-қон**.....175

1. *Құдайбергенова А.И.* Қазақстаннан тарихи отанына көшкендер .....175

2. *Ниязханқызы Г.* Қазақстанға көші-қон .....181

**3-тарау. Этникалық қазақтардың тарихи отанына оралу үдерісі** .....194

1. *Нұрымбетова К.Қ.* Қайта оралу алғышарттары мен барысы (1991- 2000 жж.) ..... 194

2. *Садырова М.* Оралмандардың жаңа ортаға бейімделуі.....207

3. *Саркенова К.А.* Оралмандардың саны мен құрамы. Аймақтарға орналасуы .....225

**4-тарау. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы мен құрылтайлары**

1. *Мамашев Т.А., Балтабаева К.Н.* Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы .....229

2. *Уалтаева А.С.* Дүниежүзі қазақтарының I құрылтайы .....238

3. *Омарова Г.Ә.* Дүниежүзі қазақтарының II құрылтайы .....246

4. *Уалтаева А.С.* Дүниежүзі қазақтарының III құрылтайы.....255

5. *Салимгереева Ш.А.* Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайы.....258

### **ТӨРТІНШІ БӨЛІМ. ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ**

**1-тарау. Посткеңестік елдердегі қазақтар**.....266

1. *Қалишабаева Б.* Орталық Азиядағы қазақтардың этникалық тарихы.....266

2. *Асылбек М.Х., Ермекбаев Ж.А.* Ресей қазақтары .....288

3. *Уалтаева А.С.* Бұрынғы одақтас республикалардағы қазақтар..... 305

## КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің халыққа Жолдауларында республика халқының біртұтастығын мақсат тұта отырып, этносаралық татулық пен бірлікті нығайтудың маңыздылығына ерекше назар аударады. Қазіргі Қазақстан халқы - бірлігі мемлекеттің стратегиялық мақсатына айналған қазақ ұлты пен басқа да этностар өкілдерінің татулығы мен бірлігі арқасында біртұтастанудағы қауымдастық. Елдегі этносаралық татулық пен төзімділік уақыттың сынынан өтіп, төтеп беріп, шыңдалып келеді. Тарихымызда сан ғасырлық дүрбеленді басынан өткізген халықпыз. Тағдырдың айдауымен қазақ жеріне көптеген этнос өкілдері келіп, араласып өмір сүріп жатыр. Қазіргі кезде қонақжай қазақтың достық пейілімен ұштасқан этносаралық татулық еліміздегі қалыпты жағдай ретінде қалыптасуда. 127 этнос пен 17 конфессия өкілдері тоғысқан Қазақстандағы этносаралық татулыққа қол жеткізу, ең алдымен, қазақ халқының жүрегінің мейірімі арқылы мүмкін болып отыр дер едік. Ал, қазақтың бір бөлігі өз тарихи отанында өсіп-өніп отырса, бір бөлігінің шетел асып, әлемге тарыдай шашырағаны белгілі.

Коммунистік тоталитарлық идеология үстемдік құрып тұрған кезде шетелдердегі қазақ диаспорасын құраған қандастарымыз өзге елдің азаматтары деп есептелінгендіктен, тағдыры мен тарихы мемлекеттің де ғалымдардың да назарынан тыс қалып келді. Қазақ диаспорасы тақырыбын ғылыми тұрғыдан зерттемегенін айтпағанда бұл атау XX ғ. 90 жж. дейін ғылыми әдебиеттер мен баспасөз беттерінен орын тапқан жоқ. Сондықтан, XVIII ғ. ортасынан бастап қазіргі күнге дейінгі **көші-қон тауқыметін басынан өткізген қазақ халқының шетелдегі қауымының қалыптасуы, кеңес дәуірі мен тәуелсіздік алғаннан кейін ата-мекеніне оралуы және қазіргі дамуы тарихын зерттеу қазақстандық тарих ғылымы үшін өзекті болып табылады.** Себебі республиканың қауіпсіздігі мемлекетке өз атын берген қазақ ұлтының өсіп-өнуі мен дамуына байланысты, мемлекеттің ең зор байлығы – халқы, оның әлеуметтік-демографиялық дамуы – мемлекеттің, ұлттың, этностың негізі болып табылады. Тәуелсіздік жылдары ресми есеп бойынша 952 882 мың, ал ресми емес деректерге сүйенсек, өз ұрпақтарымен 1,5 млнға жуық шетел қазақтары елімізге қайта оралды. Қазақстандағы қазақтар 1989 ж. 6,5 млннан 2015 ж. 11 млн 1739 адамға жетті, ал үлесі 39,7 %-дан 65,2%-ға жетті, яғни 4,5 млн адамға – 29,5 % өсті. Сондықтан, 11 миллионнан асқан Республикадағы қазақ ұлтының әрі қарай өсіп-дамуы табиғи өсіммен қатар, шетелдегі бауырластарымыздың өз Отанына оралуына тығыз байланысты.

**Қазақстанның ерте заманнан қазірге дейінгі тарихын қамтитын көптомдық «Қазақстан тарихы» басылымына енгізілген «Шетелдегі қазақтар. Этникалық қазақтардың қайта оралуы» тақырыбындағы кітапта кеңестік тарихи танымдағы идеологиялық ұстанымға орай шындығы ашылмақ түгіл, тыйым салынған, зерттелуі құпталынбаған тақырыптың бірі – қазақтардың елден сыртқа кетуге мәжбүр болғандығы мен олардың Қазақстанға қайта оралуы тарихы қарастырылады.** XVIII ғ. ортасынан бастап қазіргі күнге дейінгі **көші-қон тауқыметін басынан өткізген қазақ халқының шетелдегі қауымының қалыптасуы, кеңес дәуірі мен тәуелсіздік алғаннан кейін ата-мекеніне оралуы және қазіргі дамуы тарихы сарапталынады.**

Қазақтардың шетелдерге ауа көшуіне қазақ-жоңғар соғысы, Ресей империясының отарлық саясаты, ұлт-азаттық қозғалысты аяусыз басып жаншуы (әсіресе 1916 ж. қазақтар көтерілісі), жұт пен ашаршылықтар және т.с.с. қайғылы да, қасіретті де оқиғалар тікелей әсер етті.

«Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы басынан талай демографиялық апаттарды өткізді. Қазақ хандығы құрылғаннан бастап, көрші, әсіресе Жоңғар, Қытай, Ресей, Қоқан, Хорезм мемлекеттерінің шабуылына ұшырап, көптеген территориясынан (халқымен қоса) айрылып қалды. Бұл жерлерді мекендеген қазақтар, өз қауымдастығын, тілін, дінін, ділін сақтап қалу үшін күресе берді. Соның нәтижесінде Қазақстанмен шектес орналасқан Ресей, Қытай және Өзбекстанда қалып қойған қазақтар өз тарихи отанына қайта қосылу үмітін үзбей келеді. 1924 ж. Орта Азиялық республикаларда жүргізілген шекаралық межелеу кезінде Қазақстан біраз жерінен қол үзіп қалса, кейінірек Өзбекстанға Бостандық ауданы, Мырзашөл